

ӨОЖ 070.23(1-21):070.43/44

З.Н. Ермағанбетова, А.Қ. Оразова

Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ.
E-mail: zuhra_9195@mail.ru

«Айқын» газеті: айдарлары, тақырып және проблема

Автор мақаласында тәуелсіз еліміздің ақпарат кеңістігінде өзіндік орны бар «Айқын» газетінің ерекшеліктері, ақпарат берудегі әдіс-тәсілдері жайында сөз етеді. Қазақ тілді күнделікті шығатын басылымдар саусақпен санарлық. Солардың бірі – «Айқын» газетінде көтерілетін проблемалар мен тақырып мәселесі және айдарлар атауы жан-жақты талданады. Басылымға тән ерекшелік журналистердің еліміздің қоғамдық-саяси өміріндегі өзгерістер мен жетістіктерді және кемшіліктерді ешқандай бұрмаламастан анық-қанық қалпында жеткізуі екендігі жайында тұжырым жасалады. Қарапайым халықтың мұң-мұқтажын шешуде билікке ықпал ете алатын бірден-бір басылым екендігі мақалада нақты мысалдар арқылы дәлелденеді. Айдарлар аясында жарық көрген жарияланымдар тақырыбы мен қозғалған проблеманың мазмұны мен сипатына, журналистер шеберлігіне баға беріледі. Публицистикадағы тақырып пен проблемаға катысты зерттеуші ғалымдар пікірлері орайлы қолданылады.

Түйін сөздер: қазақ баспасөзі, публицистика жанрлары, талдамалы корреспонденция, сыни мақала, айдарлар атауы, тақырып және проблема, журналистік шеберлік.

Z.N. Ermagambetova, A.K. Orazova

Rubrics of the newspaper «aikyn»: topic and problem

The author analyses thematics and problems of the materials, published in rubrics of the republical social-political newspaper "Aikyn".

The article deals with the ways of solving problema, arisen in the newspaper. The author reveals specific peculiarities of the mentioned newspaper. The author reveals specific peculiarities of the mentioned newspaper.

Key words: Kazakhstan press, newspaper «Aikyn», genre of writing on current affairs, analectic correspondence, critical materials, subject-matter and problem, the title of rubric.

З.Н. Ермағанбетова, А.Қ. Оразова

Газета «Айқын»: рубрики, тематика и проблема

В статье автор анализирует тематику и проблемы материалов, опубликованных в рубриках республиканской общественно-политической газеты «Айқын». В статье предлагаются пути решения проблем, поднимаемых в газете. Автор выявляет специфические особенности названной газеты.

Ключевые слова: периодическая печать, жанры публицистики, аналитическая корреспонденция, названия рубрик, тематика и проблема, журналистское мастерство.

Қазақ баспасөзі тәуелсіздік жылдарында жаңаша дамудың кезеңдерінен өтіп, оң-солын таныды, тәжірибе жинақтады. Қазіргі таңда журналистер тарихи ақиқатты тануда, қоғамдық позицияны таңдауда айтарлықтай көп ілгері қадам басты, кәсіби қабілеттері артты, білім деңгейлері өсті, таным көкжиектері кеңейді. Міне, тәуелсіздік жылдарында дүниеге келген «Айқын» газетінің журналистері де ақиқатты

айтуда ешкімге жалтақтамай, оқырманды ақпаратпен қамтамасыз етуде ақ қағазға адалдық танытып, кәсіби қабілеттерін арттырып келеді деп айта аламыз.

«Қазіргі журналистика біршама жалтақтамайтын, танымын тура айта алатын мінез тапты. Қуанарлығы – бірінің жасқаншақтап не өресі жетпей айта алмағанын, екіншісі айта алатын дәрежеге жеткен»[1, 12 б.], – деген ғалым

Н. Омашевтің пікірімен толық келісеміз. Бұл «Айқын» газетінің журналистеріне де қатысты.

Газеттің өзге басылымдармен салыстырғандағы өзгешеліктері айтарлықтай. Айдарлары, тақырыптары, мәселе көтеру мен шешімін табудағы ізденістері көңіл қуантарлық. Мәселен, «Анық-қанық», «Сөзбе-сөз», «Бағыт пен бағдар», «Ғалам және ғарыш», «Мемлекет және мүдде», «Тұрмыс пен қылмыс», «Жарыс пен табыс», «Дерек пен дәйек», «Үміт пен күдік», «Сезім мен төзім», «Баға және базар», «Тіл мен діл», «Талап пен тәртіп», «Не боп кетті өзі?», «Сұмдық-ай!», «Ал, ендеше...», «Жетпегені осы еді?», «Осы ғой енді...» айдарларының атаулары оқырманды елең еткізерліктей, оқуға еріксіз мәжбүр ететіндей етіп құрылған. Бұл айдарларда дербес заметкалар және айтары мол шағын талдамалы корреспонденциялар, сыни мақала формасында жазылған шығармалар беріледі. Оларда айтылатын ойлардың, қозғалатын проблемалардың қоғамдық маңызы зор.

Енді осы айдарлар аясында жарық көрген мәселенің мәнісін тез ашып, қоғамдағы оқиға, құбылысқа жедел түрде үн қатқан материалдар тақырыбы мен проблемасына тоқталайық. Газеттің «Осы ғой енді» айдарында келеңсіз жайттар, орын алған кемшіліктер мен жағымсыз фактілер сыналады. «Зейнеткерлердің ақшасын жеген жемқорлар» атты корреспонденция осы айдар аясында берілген. Журналист Қайыржан Төрежанның мәлімдеуінше, қаржы полициясының Алматы қалалық департаменті Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың Бостандық ауданындағы бөлімшесінде 2000-2005 жылдар аралығында маман болып істеген Г. Жантілекова, Г. Смағұлова, Г. Қасымбекова деген мемлекеттік қызметкерлер мемлекеттік меншікке, басқару жүйесіне қарсы ұйымдасқан қылмыс жасаған. Бұлар әлеуметтік жәрдемақы алатындардың санатына жатпайтын адамдарды электрондық базадағы тізімге енгізіп, солардың есепшотына зейнетақы, әлеуметтік жәрдемақының ақшасын аударып, бөліске салып отырған. Ұйымдасқан жемқор топтың мемлекеттік бюджеттен ұрлаған ақшасы 26 451 370,5 теңгені құраған [2]. Нақты фактілер мен деректерге құрылған бұл материал оқырманды бей-жай қалдырмайды. Тақырып айтылатын ойдың мазмұнын ашып тұр.

Ал Ұ. Райымбекұлының «Оңтүстікте ұстаздар ұятқа қалдырып жүр» атты мақаласында

осы аймақтағы білім саласындағы жемқорлық әшкереленеді [3]. Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша сыбайластығы үшін жемқорлыққа тартылған 160 тұлғаның 130-ы білім беру мекемесінің қызметкері екендігі анықталған. Автор нақты мысалдар келтіре отырып, политехникалық колледждің басқарушысы бұрын есепші болып қызмет атқарғандығын, білім беру саласындағы өзге де былықтардың бетін ашады.

Журналист Қуандық Оразбекұлы газеттің Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі. Осы өңірдегі жаңалықтар журналистің өткір тілі, бұлтартпас деректері, нақты мысалдары негізінде оқырманға түсінікті әрі қызықты баяндалады. Аталмыш журналистің «Тергеу абақтысына 45-ші директор отырды» заметкасында облыс бойынша білім саласы қызметкерлерінің үстінен 103 қылмыстық іс қозғалғанын, соның 45-і мектеп директорының үстінен көтерілген іс екендігі айтылады. Заметканың соңы: «Директорлар, негізінен, жұмысқа қабылданғаны, жүктеме берген кезде сағатты көбірек бергені үшін ұстаздар қауымынан, яғни өз әріптестерінен пара аламыз деп отқа түскен көбелектей тергеу абақтысына қарай жөнелтіліп жатыр» [4], – деп аяқталған. Бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі саналатын жең ұшынан жалғасқан сыбайластардың әр аймақтың мемлекеттік мекемелерінде кездесетіні шындық. Осы тақырыпты журналист дер кезінде көтере білген.

«Журналистикадағы тақырып пен проблема бір-бірімен тығыз байланысты. Кейде тақырыптың өзінен проблема көрініс береді. Проблема бір ғана фактімен шектелмейді, онда бірнеше фактілер жүйесі көрсетіледі. Сан алуан шешімін таппаған мәселелер тақырыпқа өзек болды. Әрі өмірден орын алып отырған проблемалар тек айтылып, хабарланып қана қойған жоқ, ол терең талданды, сол түйіткілді шешудің жолдары іздестіріледі» [5, 381б.], – дейді филология ғылымдарының докторы, профессор Б. Жақып.

Баспасөз ел өмірінің қай саласын болсын қамтуы керек. Мерзімді баспасөз назарына ілікпеген, не тым аз қамтылған тақырып елеусізденіп, ескерусіз бола бастайды. Соның ішінде тіл, мемлекеттік тіл тақырыбы біз үшін айрықша маңызды іс болып отырғаны белгілі. Мемлекеттік тіл мәртебесіндегі қазақ тілінің өз

ішкі, яғни таза лингвистикалық күрделі жайлары бір басқа да, оның өз мәртебесіне сай қолданыста болу мәселесі – бір басқа. Қазіргі таңдағы ең маңыздысы – мемлекеттік тілдің республикалық өреде барлық саланы қамтып, кең қолданысқа енуі, әсіресе мемлекеттік қызметте күнделікті қолданыста болуы.

Осы орайда, тіл тақырыбы «Мінбер», «Басқосу», «Байқау», «Талқы», «Ойсалар», «Қыжыл», «Жиын», «Көкейкесті», «Руханият», «Мәселе», «Көзқарас», «Түйткіл», «Бәрекелді!», «Айтайын дегенім...», «Жаназық» айдарларында көтеріледі. Газеттің 2010 жылғы 77 және 205 сандары аралығында осы айдарларда тілге қатысты бірқатар келелі мәселелер сөз болған.

Атап айтар болсақ, А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты Әлеуметтік тіл білімі орталығының меңгерушісі Н. Наржанның «Тілді меңгеру марапатқа негізделмеуі тиіс», Мәжіліс депутаты Жарасбай Сүлейменовтің «Біз үшін бәрінен де Тәуелсіздіктің шын мәнін түсіну маңызды», Жолдасбек Дуанабайдың «Тест тапсырушыларға тіл білуді де міндеттесе...» (кадр іріктеуде), Сайын Шаймерденнің «Қызылжар дей алмасақ, қалаға Абылайдың атын беру керек», «Халық сөзі» газетінің бас редакторы Қуат Әуесбайдың «Астананы әлі де қазақыландыру қажет», павлодарлық Бейбіт Бөженнің «Мемлекеттік тілді «мүгедек» етіп...», қарағандылық Қамбар Ахметовтің «Лениннің атында 16 көше бар, ал Әлихан Бөкейхановқа бір көше бұйырмай тұр», атыраулық Т. Қалымовтың «Тілмәштар институтын тарату керек», Қайыржан Төрежанның «Мемлекеттік тілді дамытудың бір әдісі», Әйгерім Бақытқызының «Бағалаушылар мемлекеттік тілді місе тұтпайды», Кәмшат Тасболаттың «Балабақша қашан 100 пайыз қазақша сөйлейді?» атты және басқа да мақалалар мемлекеттік тілдің уақыт алға тартып отырған келелі мәселелерін көтерген. Мұндағы мақалалар, авторлар пікірлері нақтылықтарымен, тілдің күн тәртібінде тұрған өзекті жайларын алға тартуларымен ерекшеленеді.

«Қыжыл» айдарында «Қазақ тілі қашан зәру болады?» деген тақырыппен М. Арыновтың корреспонденциясы берілген. Авторды қазақ тілінің мәртебесін қайткенде көтереміз деген сауал мазалайды. Шетел тәжірибесін саралай келе: «Америкаға барып жұмыс істеймін деушілер үгіт-насихатсыз-ақ ағылшын тілін шұғыл үйренуге әрекет жасайды. Тіл білмесе жұмыс

жоқтығын біледі. Мәселен, Ресей, Украина, Тәжікстан, Өзбекстан мемлекеттерінде осындай жағдай. Алайда өз мәртебесін алған мемлекеттік тіл ендігі өзге елдер сияқты тіл бөгетін қолданса, сол күннен бастап тіліміздің мәртебесі биіктеп, ең керекті зәру тілге айнала бастайды», – деп түйіндейді автор өз ойын. Алайда бұл мәселе әлі күнге дейін шешімін тапқан жоқ.

«Жағымды жаңалық» айдарымен «Голливуд әртісі Семей балаларына көмектеспек» атты жағымды заметкада Семей өңірінде бірнеше рет болып қайтқан голливудтық актриса Кимберли Джозефтің Америкадан арнайы дәрігер әкеліп, Семей ядролық полигон зардабынан ауруға шалдыққан балаларға операция жасатуға уәде бергендігі жайында жазылған. Бұған дейін ол Семей өңірінде фотосурет көрмесін ұйымдастырып, деректі фильм түсіріп, 25000 АҚШ доллары көлемінде қаржылай көмек көрсеткен //Айқын. – 2008. – 28 қараша. Әрине, бұл ақпарат оқырманға қуаныш сыйлайды. Себебі бүгінгідей алмағайып заманда Америка әртісінің Қазақстанның шалғай ауылына көмек қолын созуы екіншісінің қолынан келе бермейтін іс. Бұл ретте Голливуд әртісіне риза болмаса амалың жоқ.

Газетте сәтсіз қойылған айдарлар да жоқ емес. Мысалы, еліміздің батыс және орталық әрі шығыс бөлігін жалғастырып отырған Қостанай транзиттік теміржол бөлімшесінің жұмысы жайында жазылған «Жұмысы жемісті бөлімше» деген мақалаға «Вагон жөндеу» деген айдар қойылған.

Шақпа тілді журналист Жолдасбек Дуанабайдың «Мұздай болып келіп, қыздай болып кетті» немесе Мәсімов макетке неге қызығып жүр?» [6] атты заметкасы: «Мұздай киінген Мәсімовті жергілікті билік өкілдері аядай бөлмеде аз уақытқа ғана бөгесе де, көңілден шығатын көптеген мәліметтермен демеп жіберді» деп басталады.

Әрі қарай оқырман ол қандай мәліметтер екен деп қызыға оқиды. Сөйтсе, алдағы уақытта жасалатын жұмыс барысын қағаз жүзінде асығыс тыңдаған басшы әрекеті жайында баяндалады екен. Заметканың соңы: «Несін айтасыз, әзірше ауызша әңгімелер жүріп жатқан құрылыс төңірегіндегі түйткілдерді мұздай болып киінген Мәсімов қыздай болып тыңдап кетті. Сонда Астанадан арнайы ат сабылтып келген премьердің бұл асығыс жүрісі не жүріс?!» деген сауалмен аяқталады.

«Сенген серкем» айдарымен «Бүркітбаевтың бүлдіргені көп сияқты...» атты мақала берілген. Авторы Кәмшат Сатиева. Тілші бұрынғы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының төрағасы Серік Бүркітбаевтың қамауға алынғандығын айтады. Бірақ оның себеп-салдары әлі белгісіз. Журналист Бүркітбаевтың неге қамауға алынғанын зерттегеннен гөрі, оқырманға оның кім, қандай адам болғандығы туралы ақпарат бергенді жөн санайды // Айқын. – 2008. – 8 тамыз. Бүркітбаев не бүлдіріпті деген сауал оқырманды оқуға жетелейді.

«Не десек екен?» айдарында «27 ауыл бос қалды, ал 116 ауыл қараңғылық құшағында отыр» деген тақырыппен корреспонденция берілген. Мұнда журналист: «Бүгінде елімізде 7093 ауыл бар екен. Сол ауылдардың проблемалары жетерлік. Ауызсу жетпеген, телефон тартылмаған. Тіпті, әлі күнге тас қараңғылық құшағында отырған 116 ауыл бар», – деп нақты сандық көрсеткіштерді пайдалана отырып, «Қазақ ауылдарының жай-күйін осыдан-ақ пайымдай беріңіз», – деп ой тастайды.

«Мәселе» айдарындағы «Сектанттар аймақтағы елді жайлап барады» деген проблемалық мақаланың авторын тәуелсіз ел жастарының болашағы ойлантады. Мұнда автор Оңтүстік Қазақстан облысында етек алған діни ұйымдар жайында әңгімелейді. Көптеген діни бірлестіктер астыртын жұмыс жасайды. Әділет мекемелерінде тіркеуден өткен діни миссияларын олар көбіне «қайырымдылық», «гуманитарлық» деген сарындағы сөздермен жасырады. Ал шындығында олар өзге мемлекеттерде діни секта, кейде, тіпті, қауіпті ұйымдар деп танылатындығына мысалдар келтіреді. Жастардың көпшілігі адасып, саналары уланып басқа дінге кіруде. Осының әсерінен шырқы бұзылған отбасылар қаншама? Демек, бұл тақырыптың газет бетінен көрініс табуы орынды.

«Бір отбасының төрт баласы төрт сектада...» атты мақалада осы тақырыппен мазмұндас. Авторы Е. Қалымбайұлы. «Сырттан бізді ешқандай жау келіп алмайтыны белгілі. «Ендігі қауіп қай жақтан?» дегенде санаға бүгінгі күні еліміздегі шиеленіскен діни ахуал сарт ете түседі. Бітеу жара... Әзірше жасырып, жауып бағудамыз. Бірақ соңы қорқынышты...», – деп басталады бұл мақала. Кеңестік дәуір құрсағынан тіліміз шұбар, дініміз пәс болып шықтық. Бір отбасындағы төрт баланың бірігіп ас ішпеуі қасірет емес пе? Бұл – мемлекеттің, ұлттың тұтастығына төнген қауіп

екені рас. Журналист ел арасында кең етек алып бара жатқан мәселені қозғай отырып, оқырманға ой тастайды, жат ағымдардың жетегіне еріп кетпеуден сақтандырады.

«Ұшқырлық, тездік. Батылдық, қандай да проблеманы ашық жазу, астарына үңілуге ұмтылу журналистикамыздың жаңа сипаттары деуге саяды» [1, 144 б.] десек, «Айқын» газеті ақпарат таратуда жедел әрі ұшқырлық танытып, өзекті тақырыптарды батыл жазуда үлгі көрсетіп келеді.

Бұл ретте газет бетінде көтерілген проблеманың аяқсыз қалмайтынын айта кету керек. Оның мысалын «Айқынның» кезекті сандарында жарық көрген «Айқын» жазды, Алланың шапағаты тиді», «Айқын» жазды, 130-ға келген қарияға әкім үй берді» деген хабарлардан көруге болады. Мәселен, Қарлығаш Зарыққанқызының «Айқын» жазды, Алланың шапағаты тиді» деген заметкасында жеті баламен дүңгіршекте тұрып жатқан Тұрсынхан Дүйшенәлиеваның Ақсай-3 ықшам ауданынан екі бөлмелі пәтерге ие болғандығы туралы жазылған.

Газеттің алдыңғы сандарында кейіпкердің адам төзгісіз тірлігі жайында, жергілікті әкім-қарарлардың Тұрсынханға барып, халін сұрап жәрдем берудің орнына «дүңгіршекті тұрған жерінен алып тастап, жеті баланы анасымен уақытша жатақханаға шығару керек» деп дігір салғаны туралы жазған болатын. Міне, «Айқынның» қозғау салуының нәтижесінде қазақтың бір отбасысы баспаналы болды.

Сонымен бірге «Айқын» жазды, 130-ға келген қарияға әкім үй берді» деген ақпарат әлемдегі ең қарт адам – 130-ға келген қарағандылық Сахан Досоваға қаланың «Көгілдір тоғандар» ауданынан екі бөлмелі пәтер берілгендігі жайында жазылған. Әрине, жергілікті биліктің мұндай мырзалыққа оңайлықпен бармайтыны оқырманға белгілі. Қарияның бір баспанаға зар болып жүргені туралы дер кезінде дабыл қағып, бұл проблеманы жоғары жақтың құлағына жеткізген тағы да «Айқын» газеті болатын. Демек, газет бетінде көтерілген мәселелердің оң шешімін табуы басылымның пәрменділігін көрсетеді.

Жоғарыда атап өткен айдарларда кемшіліктер мен жағымсыз фактілер сыналады. Кейбіреуінен дер кезінде қорытынды шығарылды да. Ал кейбір сыналған жайттар бүгінге дейін өмірден орын алып жатады.

«Айқынның» 2012 жылғы 22 ақпандағы санында «Үкімет» айдарында «Қарамағыңызда кім жүр, министр мырза?» атты Айқан Шәріптің мақаласы берілген. Тақырыбы көп жұртты елең еткізетін мақаладағы айтылар мағлұмат та лауазым иелеріне қатысты. «Парақор қызметкерді қанатының астына алған биік лауазымды басшыларға отставка қаупі төнді. Бұл жаңалық кеше мәлім болды. Министрлер кабинетінің осы күнгі отырысынан шыққан Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Ә. Бәйменов журналистерге өз агенттігінің арнайы заң жобасын әзірлегендігін хабарлады. Осыған сәйкес, егер қол астындағы қандай да бір шенеунік коррупциялық қылмысқа қолын былғаса, оның басшысы отставкаға кетуге міндетті болмақ» деп басталатын мақалада бұл Батыста кең қолданылатын тәжірибе екендігі айтылған.

Егер әлгі заң өмірге жолдама алса, басшылардың қызметкер таңдаудағы жауапкершілігі артып, ақыр соңында ол жемқорлықтың төмендеуіне ықпал етері сөзсіз.

Мәдениет, өнер адамдарын таныстыруда, қаламгерлерді насихаттауда, әдеби-мәдени саланың жетістік-кемшіліктерін саралауда да «Айқынның» беті айқын. Оларды да басылым бетінен жиі-жиі кездестіреміз. Басылымның соңғы бетінде тұрақты айдарларға орын берілген. Мәселен, «Туған күніңізбен!», «Күле отырыңыз», «Біздің тұрақты оқырман», «Қаламгер құпиясы», «Танымал әннің тарихы».

«Танымал әннің тарихы» айдарында аты айтып тұрғандай, жұртшылыққа танымал қазақ әндерінің шығу, таралу тарихы туралы әнші-сазгерлер әңгімесі қызықты етіп баяндалады. Ән авторының, мәтінін жазған ақынның, оны орындаушының әңгімесі арқылы тақырыпты аша түседі. Мәселен, «Күлдір, күлдір кісінетіп» деп аталатын Қаншайым Байдәулетованың мақаласында белгілі жазушы, журналист, ғалым Ақселеу Сейдімбектің композиторлық қыры ашылады. Филология ғылымдарының докторы, профессор А. Сейдімбек жұртшылыққа өзінің ғылыми-зерттеу еңбектерімен, бірнеше тарихи-мәдени, өнер тақырыптарында жазылған шығармаларымен таныс. Алайда біз білетін ғалым ән де жазады екен. Ақтамберді жыраудың сөзіне жазылған «Күлдір, күлдір кісінетіп» әнінің авторы екенін көпшілік оқырман осы басылым арқылы білді десек қателеспеспіз.

«Мен мұны әншілігім тасып шығарғаным жоқ. Бірақ шынында да халықтың жүрегіне сенім ұялатқан, соншалықты желпінткен дүние болды», – дейді автор. Туындыны алғаш Жәнібек Кәрменов орындайды. Бірақ көп ұзамай қайтыс болады. Бұл жазушының қабырғасына қатты батады. Ол туралы автор: «Мүмкін тірі болғанда әлі де көп дүние жазар ма едік... Кейде оны «Ақтамбердінің толғауы» деп хабарлап жатады. Бұл қате. Өлеңі Ақтамбердінікі болғанымен, толғауды дүниеге келтіруші – мен» [7], – деп нақтылай түседі.

Ал «Қаламгер құпиясы» айдарында белгілі ақын-жазушылардың шығармашылық құпиясы сөз болады. Мұнда тақырып қызықты әрі қаламгер құпиясының бір қырын ашатындай етіп қойылады. Мысалы: «Өтірік өлең жазып қоюдан сақтанатын ақында» ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Әбубәкір Қайранның шығармашылық жолы сөз болады. Ас үйде отырып жазғанды ұнататын ақын жазарда қағаз таңдайды. Ақ қағазға өлеңді шимайламай шығарады. Егер өлең басталғаннан шимай түссе, басқа парақтан бастайды екен.

Сондай-ақ, «Жалқаулықты жаны сүйетін жазушыда» бірнеше прозалық кітаптардың авторы Жаңабек Шағатайұлының «Менің ең сүйетін ісім- жалқаулық. Диванда жатып, құрғақ қиялмен теледидар көргеннен артық ештеңе жоқ. ҚазМУ-дің журналистика факультетін асықпай 11 жыл оқыдым» деуінен шығармашылық адамының мінездері мен табиғаты әр түрлі болатынына көз жеткізесіз.

Ал, Сәуле Әбединованың «Кітап ұрлағанды ұнататын ақын» деген мақаласы белгілі ақын, публицист Аманхан Әлім жайында. Ақын бала кезінен кітапты жақсы көргендіктен кітапханашы болуды армандапты. Бір күні ауыдың кітапханасынан бір қап кітап ұрлаған көрінеді. Ол кітапқа деген құмарлықтан болған оқиға болса керек. Кітап сыйлап, қолтаңба алғанды жақсы көретін ақынның үйінде үлкен кітапханасы бар.

«Он жеті томды қаламмен жазған жазушы» деген тақырыптағы Жолдасбек Дуанабайдың мақаласында жазушы, қоғам қайраткері Софы Сматаевтың шығармашылық қыры, әр шығармасының дүниеге келу тарихы, қаламгер шабытына әсер ететін жағдайлар сөз болады. Журналист мақаланы бірден кейіпкерінің сөзімен бастайды:

«– Менің өндірте жазатын кезеңім – бұрын күз бен қыс айлары болатын. Жаңбыры сіркіреген, аспанын бұлт торлаған қазан, қараша айлары тыстағы табиғат сұлулығын қымтап көміп, төрт қабырғаға қуып әкеліп, қамап тастайтын бұлыңғыр күндерде еріксіз жазу үстелімнің жанынан табылам ба, әлде жаз бойы арқаны кеңге салған жауапсыз, сылқымсоқ мезеттердің қарымтасын қайтару керек дейтін ішкі түйсіктің дүрбелені бастала ма, қолым қаламға жармасады. Ал содан соң, кейде бірер айдың ішінде не бір романның немесе бірер пьеса, повестің сұлбалары қағаз бетіне түсіп қалады» [8]. Одан әрі қаламгердің шығармалары туралы әңгімелейді.

«Елім-ай» романы арқылы оқырманға жақсы таныс жазушы осы уақытқа дейін сегіз роман, он үш повесть жазыпты. Қазір «Елім-ай» атты циклды романның төртінші кітабын жазу үстінде.

Журналист әр шығарманың тууына себеп болған әртүрлі оқиғалар жайын да назардан тыс қалдырмайды. Мәселен, «Әулет сыры» деген дастанның жазылуына бір ардақты ананың адамгершілік құдіретіне арналған С. Тұрысбековтың күйін тыңдағандағы тебіренген халі дәнекер болыпты. «Елім-ай» романының жазылуына «Елім-ай» әні қатты әсер етіпті.

Қаламгер жазу үстінде отырғанда үнемі тыныштықты қалайды екен. Өзін суреттеп отырған оқиғалардың ішінде жүргендей сезінетін көрінеді. Айқас-шайқас өтіп жатқан тұста дәл қасынан көріп тұрғандай ғажайып бір күй кешетіні бар. «Сондай сәтте мен, керек десеңіз, әлгі кейіпкерімнің киген киімдерінің түр-түсін, қимыл-қозғалыстарының әр мезетін кәдімгідей ажыратып сезінем. Сондай күйден әлдебір кедергі килігіп кетіп, үзіп жіберсе, қатты кейімін», – деп ағынан жарылады.

«Айқын» газеті спорт тақырыбына ерекше көңіл бөледі. Аптасына бес мәрте шығатын газеттің әр санының тұтастай бір беті спорт саласына арналған. Бетті журналист Ғалым Смағұл дайындайды. Бұл – қуантарлық жайт. Өйткені

қазақстандық газет-журналдардың көбінде бұл тақырып мүлде жоқ. Бар болған күннің өзінде тым аз жазылады. Аталмыш басылым Қазақстанда болып жатқан немесе отандастарымыздың қатысуымен өтетін жарыстарға көп тоқталады. Және аймақтық спортқа да ерекше көңіл бөледі. Кезінде ел спортына елеулі еңбек сіңірген азаматтар да ұмыт қалмайды. Бұл тақырыптар сұхбат, репортаж, сыни корреспонденция, мақала, оның ішінде проблемалық мақала, журналистік зерттеу түрінде беріледі.

Газеттің кең танымал болуының себебі – «Айқынның» халықтың көкейінде жүрген мәселелерді дер кезінде көтере білуі және оны халықтың зердесіне жететіндей әр жанрдың ерекшеліктеріне сәйкес ұғынықты, әрі түсінікті тілмен жаза білетіндігінде дер едік.

Газеттің «АЙҚЫН апта» қосымшасы әдеби, мәдени, өнер тақырыптарына арналған материалдарды камтиды. Оқырман әсіресе «Дидар ТД» арнаулы беті арқылы теледидар әлемі және тележұлдыздар өмірімен таныса алады.

Жалпы, газет бетінде көтерілген тақырыптарда қазақ тілінің мәртебесін көтеру, отансүйгіштік қасиетті шыңдаудағы кемшіліктер, ел байлығын шетелдіктердің талан-таражға салуынан сақтау, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу, қылмыскерлерді дер кезінде құрықтау, мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын асыра пайдалануы, жастар тәрбиесіндегі кемшіліктер, діни ағымдардың көбейіп кетуі, т.б. ірілі-ұсақты мәселелер сынға алынды.

Қорыта айтқанда, турашылдық, кесіп айту басылымның өресін биіктетті десек артық айтқандық емес. «Айқын» бүгінгі заманның жақсылығында, «кеселін» де дөп басып айта біледі. Әрине, бұған кез-келген газеттің батылдығы жете бермейді. Қарапайым халықтың мұң-мұқтажын шешуде билікке де ықпал ете алатындығына жоғарыдағы мысалдар дәлел. Алдағы уақытта да газет алғашқы шыққан жылдардағы барды бардай, жоқты жоқтай етіп айта алатын бағытынан ауытқымаса екен деген тілек бар.

Әдебиеттер

- 1 Омашев Н. Жол үстінде журналист. – Алматы: Атамұра, 1999. – 168 б.
- 2 Төрежан Қ. Зейнеткерлердің ақшасын жеген жемқорлар //Айқын. – 2008. – 28 қараша.
- 3 Райымбекұлы Ұ. Оңтүстікте ұстаздар ұятқа қалдырып жүр //Айқын. – 2008. – 21 қазан.
- 4 Оразбекұлы Қ. Тергеу абақтысына 45-ші директор отырды //Айқын. – 2008. – 9 тамыз.
- 5 Жақып Б. Публицистикалық шығармашылық негіздері. – А., 2005.
- 6 Дуанабай Ж. Мұздай болып келіп, қыздай болып кетті немесе Мәсімов макетке неге қызығып жүр? //Айқын. – 2009. – 20 сәуір.
- 7 Байдәулетова Қ. Күлдір, күлдір кісінетіп //Айқын. – 2009. – 3 ақпан.
- 8 Дуанабай Ж. Он жеті томды қаламмен жазған жазушы //Айқын. – 2009. – 18 ақпан.

References

- 1 Omashev N. Zhol ustinde zhurnalist. – Almaty: Atamura, 1999. – 168 b.
- 2 Torezhan Q. Zeinetkerlerdin aqshasyn shegen zhemqorlar // Aiqyn, 2008. – 28 qarasha.
- 3 Raimbekuly U. Ontustikte ustazdar uyatqa qaldyryp zhur // Aiqyn, 2008. – 21 qazan.
- 4 Orazbekuly Q. Tergeu abaqtysyna 45-shi director otyrды // Aiqyn, 2008. – 9 tamyz.
- 5 Zhaqyp B. Publicistikalyq shygarmashylyq negizderi. – A., 2005.
- 6 Duanabai Zh. Muzdai bolyp kelip, qyzdai bolyp ketti nemese Masimov maketke nege qyzygyp zhur? // Aiqyn, 2009. – 20 sauir.
- 7 Baidauletova Q. Kuldir, kuldir kisinetip // Aiqyn, 2009. – 3 akpan.
- 8 Duanabai Zh. On zheti tomды qalammen zhazgan zhazushy // Aiqyn, 2009. – 18 akpan.